Мақсатымыз – қауіпсіз және тиімді мұнай өндірісі 1-3
Көлікпен жүрудегі қарапайым ережелер немесе күнделікті өмірде ескере бермейтін сақтық шаралары туралы не білеміз? 4
Өндірісті қамту – заман талабы 5
Первый коллективный договор, верблюды на промыслах, мечты о железной дороге и себестоимость эмбинской нефти 6

Ембі тынысы

№20 (60)
қазан
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:
Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

МАҚСАТЫМЫЗ - ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ТИІМДІ МҰНАЙ ӨНДІРІСІ

Ағымдағы жылдың қыркүйек-қазан айларында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан «Қайнармұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларына жұмыс сапарымен барды.

Басқармаларда өткен жиындар барысында биылғы жылдың өндіріс көрсеткіштері: өнім өндіру мен тапсыру, геологиялық шаралар, еңбек қауіпсіздігі мен экологиялық талаптардың сақталуы, өндірістік қызметтерді стратегиялық жоспарлау, сонымен қатар, мердігерлік компаниялардың жұмыстарына бақылау, дәлірек айтсақ, барлық кен алаңдарында эпидемиялогиялық талаптарды сақтау және аталмыш шараларды тиімді ұйымдастыру бойынша мәселелер тыңдалып, ұсыныстар талқыланды.

(Толығырақ газеттің 3-бетінде).

«Самұрық-Қазына» қоры орнықты дамуды қамтамасыз ететін озық қорлардың топ-20 тізіміне енді

Біріккен Ұлттар Ұйымы «Самұрық-Қазына» АҚ орнықты дамуды қамтамасыз ететін 20 озық қор тізіміне қосты. Әлемнің 20 озық зейнетақы және егемен қорларының тізімі БҰҰ-ның даму бастамасын тұрақты дамыту мақсатында БҰҰ институционалдық инвесторларының серіктестігі дайындаған (IIPSD) «Мемлекеттік зейнетақы және егемен қорлар тұрақты дамуды қалай қамтамасыз етеді: көшбасшылардың тәжірибесі және ұсынылатын интеграция құрылымдары» атты есебінде жарияланды.

Қорды орнықты дамуды интеграциялау саласындағы көшбасшылар ретінде тізімге енгізу әлемдік қоғамдастықтың орнықты даму саласындағы бастамаларды және ESG қағидаттарын енгізу бойынша қабылданатын тәсілдер мен шаралардың дұрыстығын мойындауы болып табылады.

Ұсынылған көшбасшылар тізіміне 16 зейнетақы қоры және 4 ұлттық әл - ауқат қоры іріктелді, олардың ішінде, Temasek Holdings, Future Fund және New Zealand Superannuation Fund бар.

Құжат әлемдік деңгейде активтерді басқару бойынша 50 ірі мемлекеттік зейнетақы қорын және 30 ірі ұлттық әл-ауқат қорын қамтиды және мынадай қорытындыларды қамтиды:

- әрбір төртінші қор (жиырма Қор) өзінің инвестициялық қызметіне орнықты дамудың интеграциясы туралы есептерді жариялайды;

- ESG интеграциясын ұстанатын мықты басшылық пен команда өзгеріс пен озық тәжірибенің маңызды қозғаушы күші болып табылады;

20 жетекші қор кем дегенде 17 халықаралық салыстырмалы көрсеткішті пайдаланады;

- инвестициялардың әсері (БҰҰ - ның Орнықты даму мақсаттарына байланысты инвестицияларды қоса алғанда) - бұл кеңінен қолданылатын стратегия, ол туралы 20 қор хабарлайды, бұл жауапты инвестициялаудан орнықты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған инвестицияларға жалғасып жатқан ауысуды куәландырады;

- озық қорлар орнықты даму саласындағы, атап айтқанда, экологиялық мәселелер бойынша есептілік сапасын арттыру үшін халықаралық стандарттарды пайдалануда прогреске қол жеткізуде.

БҰҰ-ның бұл есебі БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) мен ESG қағидаттарын әлемдегі ең ірі мемлекеттік зейнетақы қорлары мен ұлттық әл-ауқат қорларының интеграциясына мониторинг жүргізу бойынша тұрақты күш-жігердің маңызды нәтижесі болып табылады. БҰҰ есебіне бес стратегиялық салада орнықты дамуды интеграциялаудың озық әдістерінің кең жиынтығы кіреді: басқару, орнықты инвестициялаудың корпоративтік саясаты, орнықты дамуды интеграциялау стратегиясы, инвестициялық тізбек бойынша ESG интеграциясы, сондай-ақ бағалау және есептілік.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың маусым айында S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Қазына» АҚ – ның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB+/B» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты». S & P, сонымен қатар, «kzAA+» ұлттық шкаласы бойынша Қордың рейтингін растады. Өз кезегінде Fitch Ratings агенттігі Қорға «BBB» деңгейінде рейтинг берді, болжам «Тұрақты»/»F2». Қазіргі уақытта Қор активтер мөлшері бойынша әлемнің топ-30 тәуелсіз қорларының ішінде 21-орынды иеленеді.

www.samruk-akparat.kz

«COVID-19 екінші толқынын болдырмауға Қор өз тарапынан дайын», - А.Сатқалиев

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның басты міндеті COVID-19 екінші толқыны жағдайында Қор тобының периметріне кіретін өндірістерді тоқтатуға, өндірістік персоналды қысқартуға жол бермеу және қызметкерлерді жалақыны уақтылы төлеумен қамтамасыз ету. Бұл туралы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ активтерді басқару және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директоры Алмасадам Сәтқалиев мәлімдеді. Оның айтуынша, жағдайды дамытудың түрлі нұсқаларына, оның ішінде аурудың жаңа өршуіне Қор дайындық үстінде.

- Пандемия кезінде жинақталған тәжірибе көрсеткендей, Қор қиындықтарды жеңе білді, біз негізгі көрсеткіштердің айтарлықтай төмендеуіне, өндірістік үзілістерге немесе өндірістік персоналдың қысқаруына жол бермедік, жалақы уақытында төленді, - деді А.Сатқалиев.

Осылайша, А.Сатқалиевтің айтуынша, қазіргі уақытта Қор эпидемия қайталанған жағдайда іс-шаралар жоспарын түзету бойынша жұмыс жүргізді, қаржы қаражатын резервтеу қамтамасыз етілді, сондай-ақ, тиісті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді үздіксіз жеткізу және жедел сатып алу пысықталды.

Бұдан басқа, кейіннен КВИ-мен ауырған қызметкерлерді жұмысқа тарту үшін өндірістік персоналдың тізімдері қалыптастырылды және портфельдік компаниялар кәсіпорындары мен мердігерлік медициналық ұйымдардың медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-қимылдарға дайындығы қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, А.Сатқалиев бірінші толқын кезінде қабылданған шаралар туралы еске салды, оның нәтижелері бойынша қор өндірістік персоналды қысқартуға және кәсіпорындардың жұмысын тоқтатуға жол бермеді.

Іске асырылған және ықтимал тәуекелдерге ден қою үшін «Самұрық-Қазына» басшысы Ахметжан Есімовтың төрағалығымен жедел штаб құрылды. Барлық портфельдік компанияларда жедел әрекет ету штабтары жұмыс істеді.

Өндірістік қызметті қолдау, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және басқарудың ең тиімді құрылымын сақтау үшін, қолайсыз салдарға әкелуі мүмкін маңызды бизнес-процестердің тізімі анықталды. Өндіріске минималды түрде әсер ете отырып, тиімділікті көрсеткен А, В, С жоспарларының алгоритмдері жасалды. КВИ таратпаудың алдын-алу

шараларын жүзеге асыруды көздейтін А жоспары. Аймақтағы эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы кезіндегі іс-қимылдарды қамтитын В жоспары және компанияда және / немесе өндіріс орнында инфекция жағдайлары анықталған кездегі іс-шараларды қарастыратын С жоспары.

Портфельдік компаниялардың КВИ-ге қарсы күреске бағытталған алдын алу іс-шаралары бойынша жүргізген белсенді жұмыстары жалғасуда.

Сөз соңында А.Сатқалиев ықтимал екінші толқынға дайындық аясында, Қор қызметкерлері арасында Денсаулық сақтау министрлігінің нұсқамаларына сәйкес COVID-19-дан қорғаудың алдын алу шараларын сақтау мәселелері бойынша ақпараттық науқанды жалғастыратынын хабарлады.

www.samruk-akparat.kz

Самые глубокие скважины АО НК «КазМунайГаз»

Самая глубокая скважина УГС-3 Долинская – 7 км. Это сравнимо с высотой пика Хан-Тенгри. Ее пробурили в 1997 году. В процессе присутствовали признаки нефтегазоносности. Недропользователем являлась компания «Урал Ойл энд Газ». На данный момент скважина ликвидирована по геологическим признакам.

В целом, из пяти самых значительных нефтегазовых «колодцев» КМГ не закрыта только поисково-разведочная скважина ВУ-1 глубиной 4,6 км, что сравнимо с максимальной высотой полета андского кондора. Ее пробурила в 2015 году местная компания «Урихтау Оперейтинг». На данный момент объект подготовлен к пробной эксплуатации.

Другие три скважины простираются вглубь более чем на 5 км, однако закрыты по геологическим причинам.

www.kmg.kz





МАҚСАТЫМЫЗ - ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ТИІМДІ МҰНАЙ ӨНДІРІСІ

Қыркүйек-қазан айларында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан «Қайнармұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларына жұмыс сапарымен барды. Басқармаларда өткен жиындар барысында өндіріс көрсеткіштері: өнім өндіру мен тапсыру, геологиялық шаралар, еңбек қауіпсіздігі мен экологиялық талаптардың сақталуы, өндірістік қызметтерді стратегиялық жоспарлау, сонымен қатар, мердігерлік компаниялардың жұмыстарына бақылау, дәлірек айтсақ, барлық кен алаңдарында эпидемиялогиялық талаптарды сақтау

және аталмыш шараларды тиімді ұйымдастыру бойынша мәселелер көтеріліп, ұсыныстар талқыланды.

МЕРДІГЕРЛІК КОМПАНИЯЛАРДА БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ МАҢЫЗДЫ

Компания басшысы Е.Қайыржан жұмыс сапарының негізгі мақсаты уақытша жеңілдетілген карантин кезеңінде өндіріспен тығыз байланысты қалпына келтіру және өндірістік мәселелер бойынша күнделікті есеп форматында мұнай-газ өндіру басқармаларымен тиімді байланыс құру екендігін баса айтты. Кіріспе сөзінде Басқарма төрағасы пандемия кезінде ағайын-туыстарынан айырылған әріптестерге көңіл айтты:

- «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында коронавирустың салдарынан қаза тапқан қызметкерлер саны 140 адамды құрады. «Пандемия кезінде жақындарынан айырылған барша әріптестерге қайғырып көңіл айтамын және барлығыңызды пандемияның келе жатқан екінші толқыны алдында босаңсымауға шақырамын. Біз бірінші толқыннан сәтті өттік. Сонымен бірге, жеке іс-шараларды ұйымдастыруда кейбір кемшіліктер болды. Оларды ескере отырып, барлық қажетті алгоритмдерді қарастыратын пандемияның күтіліп отырған екінші толқыны кезінде компания қызметкерлерінің, әсіресе, өндірістік қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары жасақталуда, - деп атап өтті Басқарма төрағасы.

Еңбек қауіпсіздігін, қажетті санитарлық жағдайларды қамтамасыз ету, мердігерлік және қосалқы мердігерлік компанияларда эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру үшін әр басқармада еңбекті және өндірістік қауіпсіздікті қорғау мен қоршаған ортаны қорғау бөлімдері тарапынан қатаң бақылаудың қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

- Пандемияның алғашқы толқынының тәжірибесі өз жұмыскерлері үшін еңбек пен тұрмыстық жағдайды қамтамасыз етуде тәртіпті сақтамай, соның ішінде, өз нысандарындағы антисанитариялық жағдайларға дейін жол беретін мердігер компанияларға қатаң бақылау қажет екенін көрсетті. Бұл орайда, біздің қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі үшін компания қолға алған шаралар маңызын жоғалтады. Сондықтан, мердігерлік компаниялардың барлық санитарлық талаптарды орындауына және өз нысандарында эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыруға қатаң бақылауды қамтамасыз ету қажет. Талаптарды бұзушылық орын алған жағдайда айыппұлдар салу керек. Бұл талаптардың барлығы мердігер компаниялар «Ембімұнайгаз» АҚ-мен жасалған келісімшарттардың қосымшасында көрсетіліп, қабылданған, - деді Е.Қайыржан.

ӨНДІРІСТІ САПАЛЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ ОРЫНДАУ

Талқылау барысында Ембі басшысы мұнай бағасының төмендеуі және ОПЕК келісімі бойынша мұнай өндіру көлемінің азаюы жағдайында мұнай мен газ өндіру басқармаларының басшылары мен сала мамандарын әдеттегі стратегияны өзгертуге - жоспарланған межелерге қайткенмен де қол жеткізуді көздеп емес, ұңғымалардың ауыспалы қордың технологиялық мүмкіндіктерін және орын алған геологиялық факторларды ескере отырып, мұнай өндіру көлемдерін жоспарлауға шақырды:

- Біздің басты мақсатымыз – қауіпсіз және экономикалық тиімді мұнайды өндіру. Осы мақсат шеңберінде іс-шараларды жоспарлаудың дәстүрлі тәсілі қайта қаралуы керек. Ауыспалы қорды тиімді пайдалану арқылы мұнай көлемін ала алатын кезде компанияға жаңа ұңғымаларды бұрғылауға миллиардтаған қаражат жұмсау қажет пе?!

Өндірілген мұнайды есепке алу және тиімді игеру бойынша жұмыстарды реттеу, ұңғымалардың жұмысына кері әсер ететін факторларды анықтау, қосымша қаражат керек ететін геологиялық шаралардың қажеттілігін зерделеу – біздің назарымызда ұстап отырған басты мәселелер, – деп атап өтті ЕМГ басшысы.

Жиын барысында өндірісті дұрыс стратегиялық жоспарлау және жұмысшылардың белсенділігін арттыру қажеттілігіне көп көңіл бөлінді. Өндірістің жұмысын бір жүйеге түсіру, жетістікті көрсетіп, кемшілікті талқылауға арналған мұндай кездесулер - өндіріс пен офис арасындағы байланысты нықтай түседі деген компания басшылығы басқарманың жауапты мамандарының әрқайсысына нақты сауалдар қойып, олардың тұшымды жауаптарын тыңдады.

- Әрбір жұмысшы - геолог, мұнай және газ өндіру операторы немесе күрделі құрылыс инженері өз деңгейінде, қол жеткізген нәтижелерге әсер еткен факторларды талдауы керек. Және осы факторлардың нәтижелеріне сүйене отырып, әр өндіріс учаскесіндегі объективті жағдайға сүйене отырып, келесі жылға арналған жұмыс көлемін дұрыс жоспарлау үшін қорытынды жасап, басшылыққа ұсыныстар дайындауы

керек. Әр маманның жұмыс барысында оң нәтижеге қол жеткізуге тікелей араласуы алдағы жылға жұмысты сауатты жоспарлап, тиімді мұнай өндіруге үлкен септігін тигізеді, - деп түйіндеді ЕМГ басшысы.

«Қайнармұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында өткен кездесулер барысында жауапты мамандар ағымдағы жылдың өткен 9 айындағы өндірістік көрсеткіштердің орындалуы туралы есептерін жан-жақты баяндады. Атап айтқанда, бекітілген бұрғылау және ұңғымаларды игеру кестелеріне сәйкес жоспарланған жұмыстардың артта қалу себептері егжей-тегжейлі сұралды. Сонымен қатар, ілеспе газ мәселесі, ұңғымалардың өнім беру горизонттарын, олардың өнім беру деңгейін дұрыс есептеу, ұңғымалардың сулану деңгейін, жөндеуаралық кезеңнің талапқа сәйкестігін үнемі назарда ұстау, құрылыс жұмыстарының жоспарға сай жүру барыстары мен өндірісті автоматтандыру жұмыстарын тиімді жүргізу жан-жақты талқыланды.

КӨЛІКПЕН ЖҮРУДЕГІ ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕР

немесе күнделікті өмірде ескере бермейтін сақтық шаралары туралы не білеміз?

Күнделікті өмірде болып жатқан қатерлі оқиғалардың себебі сақтық шараларын білмегеннен емес, соған дұрыс ден қоймаудан болып жатқанын мойындауымыз керек.

Бүгінгі таңдағы ең кең таралған қатерлі оқиғаның бірі – жол-көлік оқиғасы. Кейінгі кездерде біз «көлік апаты» деген сөздерді жиі еститін болдық. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының келтірген статистикасына назар аударсақ, жыл сайын әлем елдері бойынша 1 миллионнан астам адам жол-көлік оқиғасынан көз жұмып, 20-50 миллион адам жарақаттанады және мүмкіндігі шектеулі болып қалады екен.

Енді осы статистиканы өз еліміздегі жағдаймен жалғастырсақ. Деректерге сәйкес, Қазақстанда жыл сайын жол апатынан үш мыңнан аса адам қаза табады екен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне көз салсақ, Қазақстан жол апаты бойынша әлемде бірінші орында тұр. Өкінішке орай, баршамызды ойландырып тастайтын дерек...

Енді осы статистиканы Атырау облысы бойынша орын алған мәліметтермен сабақтасақ.

Өздеріңізге жақсы белгілі, биыл еліміз бойынша «Сергек» камераларын орнату кең қолға алынып жатыр. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мен азаматтардың өмірінің қауіп төндіретін оқыс оқиғаларды болдырмау мақсатындағы «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені Атырау өңірі бойынша ағымдағы жылдың 10 қыркүйегінен бастап іске қосылды. Содан бері жол бойындағы 6006 құқық бұзушылықты анықтаған. Заң талаптарын сақтамағандарға тиісті жазалар қолданылуда. «Сергек» камералары орнатылғаннан бастап тәртіпті сақтамаған көлік жүргізушілерге 42 миллион теңгеден астам айыппұл салынып, 8 миллион 590 мың теңге өндірілген. 2020 жыл басынан бергі 9 ай ішінде 759 сыртқы бақылау камералары арқылы 186 қылмыс ашылған. Облыс орталығы Атырау қаласы бойынша 1224 камера автокөлік жолдарының 153 желілік учаскелеріне және 51 реттелетін көше қиылысына орнатылған.

Алайда, тәртіп күшейтілгеніне қарамастан, жол-көлік оқиғаларының тіркелуі азаймай отыр. 2020 жыл басынан бері облыстық маңызы бар автокөлік жолдарында 15 жол-көлік оқиғасы болып, соның салдарынан 5 адам қаза тауып, 12 адам түрлі дене жарақатын алған.

Жол оқиғасы дегенде алдымен тіл ұшына келетіні – көлік жүргізушілердің өз міндетіне салғырт қарауы. Орын алған оқиғаларға зерделеп қарасақ, қатерлі оқиғалар тек көлік жүргізушілердің ғана тарапынан бола бермейді екен. Тізе берсек оның себебі көп. Солардың бір-екеуіне тоқталсақ.

«Жол гипнозы» туралы естіп пе едіңіз?

Ұзақ жолға шыққан көлік жүргізушілерінің ұйқылы-ояу күйге түсуі жиі кездеседі. Ұйықтап отыр десең, көз-жанарын тура жолға қадап алған. Ал, ояу, сергек қой десең, бей-жай, мең-зең күй бойын иектеп алған... Алайда, көлік жүргізіп келеді. Ғалымдар мұны «жол гипнозы» деп айтады. Мұндайда жүргізуші өзі «жол гипнозына» түскенін байқамай, сыртта болып жатқан дүниені бағамдай алмауы мүмкін. Көп жағдайда мұның салдарынан көлік апаты болып жатады.

Әлемдегі ірі автоөндіруші компаниялардың тапсырымен Американың жол қозғалысы қауіпсіздігі қорының мамандары «жол гипнозын» зерттеген. Тәжірибе барысында «жол гипнозына» түскен 3593 жүргізушіні бақылаған. Олар мұндай сәтте ештеңе есте болмайтынын, бәрін автоматты түрде істейтіндерін айтқан. Оған қоса жүргізушілер көлікті жалғыз өзі басқарғанда, осындай жағдай жиі кездесетінін атап өткен.

Бұдан басқа көлік жүргізуші қасындағы серігі ұйықтап жатқанда «жол гипнозына» түседі екен. Шынтуайтқа келгенде, іс-сапарға шыққанда көпшілігіміздің көлік жүргізушінің жанына отырып, барар жерімізге дейін ұйықтайтын «әдетіміз» бар екенін мойындайық. Ал, мұның көлік жүргізушіге қаншалықты әсер ететінін ойламаймыз да. Әрине, бұл көлік жүргізушінің жауапкершілігін азайтпайды. Көлік жүргізуші трассаға шыққан соң өзіне артылған жауапкершілікті ерекше сезінуі тиіс. Ол тек өзінің өміріне ғана емес, көлікте отырған барша адамның өмірі мен денсаулығына бірден-бір жауапты тұлға.

Сақтандыру шараларын толық білеміз бе?

Көлік қозғалысы туралы айтқанда, әрине, біз біріншіден, қауіпсіздік қағидалары мен сақтандыру шаралары туралы ойлануымыз қажет. Рұқсат етілген жылдамдықпен қозғалу, қауіпсіздік белдігін қолдану т.б. – осылардың барлығы да – жолаушылардың сапарларын қауіпсіз ететін және олардың денсаулықтары мен өмірлерін сақтайтын жалпыға ортақ нормалар.

Көлік жүргізушінің техниканы жақсы, сауатты және жол оқиғасынсыз басқаруы үшін оның үнемі назарда ұстау керек қағидалары бар. Олардың негізгілері мыналар: көзбен ерекше мөлшерлеуі, уақыттың қысқа мерзімін бағалай алу қабілеті, назарды жақсы бөле білуі және аудара алуы, қысылтаяң жағдайда дәл әрі мейлінше жедел реакция жасай білуі керек. Жүргізуші жолдың және оның маңайындағы барлық элементтерді өзінің назарында ұстай білуі қажет. Жолмен жүріп келе жатқанда, жүргізуші қозғалмай тұрған әр түрлі заттарға қарап, өзі жүргізіп келе жатқан машинаның жылдамдығын анықтай білуі қажет.

Көлікті ұзақ уақыт, демалусыз жүргізу өте зиян. Жол-көлік оқиғалар көбінесе көлік жүргізуші үздіксіз 10-11 сағат жұмыс істеген соң болады дейді мамандар. Жүргізушінің рөлінде отырып, қалғып кетуі көпшілік жол- көлік оқиғалардың себебі болып табылады.

Ембі өңірінде орын алған жол оқиғалары...

Соңғы 2 жылдағы Ембі өндірісінде орын алған көлік оқиғаларына жасалған сараптаманы назарларыңызға ұсынамыз.

Алтыкөл кен алаңынан шыққан «КамАЗ» АЦН көлігі Доссор-Құлсары автожолында жеңіл көлікпен соқтығысқан. Жол оқиғасы жеңіл автокөлік иесінің трассада көлік рөліне ие бола алмай, қарсы бетке шығып кетуі салдарынан болған.

Ақтөбе кен алаңынан шыққан «КамАЗ» көлігі көше жарығының бағанасына соқтығысқан.

Құлсары қаласынан Қисымбай кен алаңына бағыт алған «Toyota Prado» автокөлігі жол оқиғасына тап болып, үлкен жүк көлігімен соқтығысқан.

Жұмысшыларды тасымалдау мақсатындағы автобус трассаға кенеттен шыға келген «Шевролет» көлігімен соқтығысты.

2020 жылдың 9 айлық қорытындысымен сабақтасақ, Терең-Өзек пен Құлсары бағытындағы трассада, Атырау-Индер тас жолында жол оқиғалары болған. Бұл жол оқиғаларының себепкері болған автокөліктер компанияға және Ембі өндірісіндегі жұмысқа тартылған мердігер мекемелердің көліктері.

Жоғарыда аталған жол оқиғаларының барлығында қауіпсіздік белдігін тағып отырудың нәтижесінде адам өлімі тіркелмеді. Қайғылы оқиғаның алдын алу, әрине, ең алдымен жолаушылардың көлік ішінде сақтық шараларын толық сақтауына байланысты. Оның қарапайым тілмен түсіндірсек, көлікке отырысымен қауіпсіздік белдігін тағу – сіз үшін басты сақтық құралы.

Мойындау керек, кейде қауіпсіздік белдігін тақпау үшін түрлі сылтауды ойлап табамыз. Көпшілігіміз белдікті қауіпсіздік үшін емес, айыппұл алып қалмас үшін тағатынымыз тағы бар. Толып жатқан сылтау айтамыз. Солардың бірі:

Қауіпсіздік белдігі ыңғайсыз. Иә, қауіпсіздік белдігі көлікте отырғанда ыңғайсыздық келтіреді. Көп жағдайда қауіпсіздік белдігін тағып үйренбегендер үшін ғана ыңғайсыздық тудырады. Уақыт өте дағдыланып кетесіз.

Қауіпсіздік көпшігі бар ғой... Қауіпсіздік көпшігі сізді үнемі қауіпті оқиғадан құтқара бермейді. Көлік соқтығысып қалған жағдайлар орын алғанда, қауіпсіздік көпшігі ытқып кетіп, жарақат алуыңыз әбден мүмкін. Оның үстіне көптеген көліктерде қауіпсіздік белдігін тақпаған жағдайда бұл функция да қызметін атқармайды.

Статистика бойынша, қауіпсіздік белдігін тағу – көлік жүргізушілер мен жолаушылардың тең жартысының өмірін сақтайды. Көлік аударылған жағдайда адамдардың өмірін тек қауіпсіздік белдігі ғана құтқара алады.

Бұл сақтық ережелерін әрқайсымыздың есте сақтағанымыз абзал.

Өмір - адам баласына бір-ақ рет берілетін қымбат сый екенін ұмытпаған жөн.

ӨНДІРІСТІ ҚАМТУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен алаңдарында мұнай өндіру жұмысының үздіксіз жүруін қамтамасыз етіп отырған ұжымның бірі- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы («ӨТҚжЖК»). Аталмыш басқарманың негізгі қызметі – базаға келген өндірістік құрал-жабдықтарды өндіріске дер кезінде жеткізу, мұнай өндірісіне қажетті тауарлық-материалдық құндылықтардың уақытылы жеткізілуіне мониторинг жүргізу. Басқарманың базалары Құлсары қаласындағы өндірістік базада, «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының Жамансор базасында, Исатай ауданында «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының базасында орналасқан. 2019 жылы осы базаларға 9 376 854 379 теңгенің тауарлық-материалдық құндылықтары түскен. Ал, 2020 жылдың 9 айдағы қорытындысы бойынша бұл мақсаттағы қаражат 5 866 599 854 теңгені құрап отыр. Көріп отырғандарыңыздай, жыл сайын базаға келетін тауарлардың қаражатымен қоса көлемі өсіп отыр. Сол арқылы өндірістің қажеттілігі талапқа сай қанағаттандырылуда.

Аталмыш базалардың кәсіпорынға айтарлықтай табыс әкеліп отырғанын атап өткен жөн. Базаларды белгілі бір уақытқа жалға беру арқылы кәсіпорынның кірісі айтарлықтай өсті. 2019 жылы Атырау базасына – 28,734 млн. теңге, Құлсары базасына – 8, 697 млн. теңге; Аққыстау базасына – 10,310 млн. теңге; Жамансор базасына – 18,872 млн. теңге табыс түскен. Сонымен қатар, қойма ғимараттары «ПКНМ-Қазақстан», «Kazakhstan Chemistry», «Азиан Терминал Снаб», «Жаңа Өсиет 2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне жалға да берілуде. Жалға берілуден мекеме 2020 жылы 45 миллион теңгеге жуық табыс табады деп күтілуде.

Өткен 2018-2019 жылдары басқарманың жұмыс үрдісіне жаңадан қорларды басқару жүйесі енгізілді. Мамандардың айтуынша, аталмыш жоба тиімділігін дәлелдеп, жұмысты айтырлықтай жеңілдетті.

Бұл бағдарламалық жасақтама жабдықтарды реттеуге мүмкіндік береді. Әр элемент өзінің нөміріне сәйкес әр сөреде, нақты тізбек бойынша сатылы түрде орналастырылған. Ең бастысы, қорды түгендеу-хаттау кезінде бекітілген нөмір арқылы кез келген затты оңай-ақ табуға болады.

Қазіргі таңда басқарма базасында 7 орталық қойма бар. Соның ішінде, шаруашылық-тұрмыстық тауарлар, жұмысшылардың арнаулы қорғаныс киімдері сақталатын бірінші қойма, мұнай жабдықтарын сақтауға арналған оныншы қойма және құрылыс материалдары сақталатын төртінші қойма сөрелермен толықтай қамтылған. Мамандар алдағы уақытта жанар-жағармай, электр тауарлары, кабельдік өнімдер, құбырлар, металл-прокат, химиялық реагенттер, резеңкелі-техникалық бұйымдар сақталатын өзге де қоймаларды жабдықтау жоспарланып отыр..

Қазіргі таңда қойма шаруашылығы және орталықтандырылған-жеткізу учаскесінде 41 адам еңбек етеді. Оның ішінде, 7 қойма меңгерушісі болса, 21 жүк қармалаушы, 6 қоймашы, 1 жүктерді түсіріп-тиеу шебері, 3 экспедитор, Құлсары базасында 26 инженер-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылар, Жамансор базасында 1 қойма меңгерушісі еңбек етуде.

Басқарма қызметкерлерінің жұмысы аса үлкен жауапкершілікті талап етеді. Себебі жыл сайын шамамен 300 мыңға жуық бұйым, техника-құралдар тағы басқа өндіріске қажетті жабдықтар қоймаларға қабылданып, сонша жүк еншілес кәсіпорындарға жөнелтіледі. Олардың әрқайсысын тіркеп, электронды базаға енгізіп, өз орнына орналастыру осы қойма жұмысшыларына міндеттелген. Яғни, әр заттың келуі және оны мақсатты жеткізу – біздің қызметкерлеріміздің мойынында.

Айта кетсек, жоба қордағы жабдықтарды қоюға арналған стеллаждарды нөмірлеу арқылы жұмыс процесін оңтайландыру мақсатында өткен жылдың қазан айынан бастап жүзеге аса бастады. Бұған дейін қорларды басқару жүйесі мүлдем болмаған. Яғни, әр зат стеллажда ғана тұрғанымен, арнайы нөмірлері бекітілмеген болатындықтан, SAP жүйесіне енгізілмеген. Ал, қазір жобаны жүзеге асыру арқылы жұмыс біраз жеңілдеді, материалбұйымдар реттелді. Мұның өзі қоймадағы заттарды «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелеріне жіберген кезде тез тауып алуға оң ықпалын тигізеді. Өйткені, қаламсаптан бастап, өндірісте қолданылатын алып тұрбаларға дейін электронды базаға енгізілген. Яғни, енді әрбір бұйым-техниканың өз нөмірі бар.

Сонымен қатар, автотранспорт пен арнаулы техникалармен де (барлығы 38 көлік) өндіріске қызмет көрсетілуде.

Басқарманың өндіріс телімінде 20 жұмысшы бар. Олардың ішінде бетондаушы, сылақшы-әрлеуші, ағаш шебері және т.б. құрылыс саласына қатысты мамандық иелері еңбек етеді. Жалпы еншілес кәсіпорындардың құрылысқа қатысты жұмыстарының дені осы жұмысшылардың күшімен атқарылады.

Өндіріс саласына келер болсақ, 2019 жылы бекітілген жоспарға сәйкес пластикалық терезе-есік цехы бойынша 568 ш/м, резин төсеніш цехы бойынша 1594 ш/м дайын өнім өндіріліп еншілес кәсіпорындардың тапсырыстары бойынша өндіріс нысандарына және басқа да жатақхана, спорт алаңдары, монша сияқты әлеуметтік нысандарға қондырылды.

Бұған қосымша өткен жылдары «Ембімұнайэнерго» басқармасының Қарсақ кен орнындағы ескі ғимаратты бұзу жұмыстары, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қарасты «Кенбай» кен орнындағы асхананы жәй жөндеу жұмыстары, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Қисымбай, Комсомол, Қаратон кен орындарындағы жатақханаларды жәй жөндеу жұмыстары «ӨТҚжЖК» басқармасының жұмысшыларының күшімен жүзеге асырылды.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ қарасты Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнындағы он ұңғыманы абаттандыру жұмыстары, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қарасты «Сарықамыс-Қаратон» блогында 41 ұңғыманы бетондау жұмыстары да өткен жылы басқарма жұмысшыларының күшімен атқарылды.

2020 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша Б.Жоламанов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) кен алаңындағы аркалы ғимаратын монтаждау жұмыстары, «Ембімұнайэнерго», «ӨТҚжЖК» басқармаларына қарасты өндірістік ғимараттарды, Төлес кен орнында («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ) сорғы ғимараттарын бұзу жұмыстары жүргізілді.

Шығыс-Молдабек («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) кен орнында ұзындығы 6,5 шақырымдық су желісінің құрылысына да басқарма жұмысшылары өзіндік үлестерін қосты.

«Тайсойған» блогында («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) жойылған 23 ұңғыманы, Сарықамыс-Қаратон блогында 44 ұңғыманы, Төлес кен орнында («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ) 10 ұңғыманы бетондау жұмыстары басқарма жұмысшыларының күшімен жүзеге асырылды.

Пластикалық терезе-есік цехы бойынша 385 шаршы метр, резин төсеніш цехы бойынша 710 шаршы метр дайын өнім шығарылды. Қазіргі уақытта осы өнімдерді еншілес кәсіпорындардың нысандарына тапсырыстарға сәйкес орналастыру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылуда және бұл жұмыстар әрі қарай да жалғасын таба бермек.

Сонымен бірге, «ӨТҚжЖК» басқармасы жақын арада «Ембімұнайгаз» АҚ-ның еншілес кәсіпорындарының нысандарын заманауи әдіспен судан, суықтан қорғау (гидротеплоизоляция) жобасын қолға алу ниетте. Осы бағытта қазіргі уақытта бірқатар ізденіс жұмыстары атқарылуда. Аталмыш жобаны іске асыруға қажетті құрылғыларды сатып алуға тапсырыс берілді. Қазіргі нарықты зерттей келе жобаның экономикалық тұрғыдан және басқа да жақтарынан өте тиімділігі анықталып отыр.

Атап айтсақ, «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты басқармалардың бас кеңсесінің жылуын сақтау мақсатында суықтан және судан қорғау жүйелері арқылы төбелері мен едендері қапталуда.

Әрбір мекеменің табысты жұмысын нәтижелі ететін – білікті маман. Бұл орайда, «ӨТҚжЖК» басқармасында еңбек ететін 178 адамның барлығы да Компания тарапынан толықтай әлеуметтік қамқорлыққа алынған.

Бек ҚАРАКУШИКОВ,
«ӨТҚжЖК» басқармасының
басшысы.

Первый коллективный договор, верблюды на промыслах, мечты о железной дороге и себестоимость эмбинской нефти

В новом очерке о первых годах становления треста «Эмбанефть» - преемника нашей компании.

КАК ЭМБИНЦЫ ДОМА НЕФТЬЮ ОТАПЛИВАЛИ

Коллективный договор был заключен между Урало-Эмбинским Районным комитетом Всероссийского Союза Горнорабочих, именуемым в обиходе «РАЙКОМ» и Правлением Треста Эмбенской Нефтяной Промышленности «Эмбанефть» сроком с 1 октября 1923 года до 1 мая 1924 года. Договор определял размер заработной платы и условий труда рабочих и служащих на предприятиях нефтяной Эмбы, а также правила регулирования и разрешения всяких споров и конфликтов, которые могли возникнуть в период действия коллективного договора. Для разрешения потенциальных споров и конфликтов между работниками и администрацией на предприятиях «Эмбанефти» были учреждены Местные Расценочно-Конфликтные Комиссии (М.Р.К.К.).

Коллективный договор распространялся «…..на всех рабочих и служащих, как работающих, так и вновь поступающих на существующие и вновь открываемые и могущие быть открытыми нефтяные промысла, нефтеперегонные заводы, и подсобные к ним предприятия, склады, конторы, учебные и лечебно-санитарные заведения и постоянные рабочие и служащие Мелиоративно-Агрономических организаций и т.п. Урало-Эмбенского Нефтяного Района».

Согласно коллективного договора, «Эмбанефть» обязалась обеспечить жильем рабочих и служащих, а также членов их семей, живущих на промыслах и нефтеперегонных заводах с бесплатным освещением, отоплением и водоснабжением. В случае, если «Эмбанефть» не имела возможности предоставить жилье на промыслах и нефтеперекачивающей станции, предприятие выплачивало работникам компенсацию в размере 5% с их тарифной ставки, плюс бесплатно нефть на отопление и керосин на освещение по следующим нормам: ноябрь-март – 20 пудов нефти и 15 фунтов керосина, остальное время – 10 пудов нефти и 5 фунтов керосина.

Приглашенным специалистам из других городов и командированным с промыслов в г. Гурьев «Эмбанефть» предоставляла жилье в города на период не более 7 дней, после чего работники должны были найти другое жилье.

ПОДРОСТКИ НА НЕФТЕПРОМЫСЛАХ И СОЦИАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ «ЭМБАНЕФТИ»

В связи с текучестью кадров, на промыслах «Эмбанефти» применялся труд подростков, чему было также уделено место в коллективном договоре 1923 года. Их допустимое количество определялось в 6%

от общего числа местных взрослых постоянных работников. Согласно колдоговора, за укороченный рабочий день подростки получали полную тарифную ставку. Для подростков и малолетних, отработавших не менее 5 с половиной месяцев продолжительность трудового отпуска устанавливалась в один месяц раз в году. Отпуск предоставлялся в период между 15 мая и 15 октября. Накопление дней отпуска и замена их денежной компенсацией не допускалась.

Начальной ставкой для учеников, работающих под руководством квалифицированных рабочих или в школах фабзавуча от 1 до 6 месяцев, была ставка 1 разряда. В зависимости от успешности обучения по истечении 6 месяцев ученику мог быть присвоен 2 разряд, а спустя еще 18 месяцев – 3 разряд. Подростки и ученики получали ставку соответственно выполняемой работе, их не допускалось направлять в командировки за пределами промыслово-заводского района, а также нельзя было привлекать к сверхурочным работам. Обязательная дневная норма выработки для подростков была ниже нормы взрослых соответственно укороченному рабочему дню.

По кол. договору «Эмбанефть» несла все расходы по содержанию школ фабрично-заводского ученичества и подготовке квалифицированных рабочих. В эти расходы входили оборудование классов и учебных мастерских, снабжение инвентарем и инструментами, материалами и учебными пособиями, содержание педагогического, технического персонала и учащихся.

Более того, «Эмбанефть» ежемесячно отчисляла средства на культурно-просветительные мероприятия, к ним относились содержание школы по ликвидации неграмотности, клубы, библиотеки и прочие объекты, обслуживающие работников и их семьи, а также компенсацию посещающим школы по ликвидации неграмотности.

ЗАЧЕМ ЭМБИНЦАМ БЫЛА НУЖНА ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА?

С начала разработки эмбинских месторождений в конце 19 века, транспортировка нефти и снабжение промыслов производилось на так называемом гужевом транспорте – верблюдах, лошадях и быках. После строительства нефтепромышленными обществами нефтепровода от Доссора до Ракуши нефть транспортировалась по нему, однако гужевой транспорт продолжал использоваться на Эмбе для перевозки различных грузов из Гурьева на нефтепромыслы и в 20-30 х годов прошлого века, наряду с небольшим количеством автомобильного транспорта. Так на 1.10.1923 г. в собственности «Эмбанефти» имелось 736 единиц скота – 239 лошадей, 295 верблюдов и 202 быков. Причем, помимо этого количества, трест задействовал иногда дополнительно частный гужевой транспорт, особенно по маршруту Гурьев – Доссор, осложненного бездорожьем, дальним расстоянием и отсутствием пресной воды. В 1923-24 гг. частным транспортом была перевезена почти треть грузов по этому маршруту.

После оптимизации, проведенной в тресте, к июлю 1924 года, количество скота было сокращено до 430 голов. Целиком избавляться от гужевого транспорта трест воздерживался, чтобы не попасть в зависимость от частников.

Перевозка грузов автотранспортом обходилась дороже гужевых перевозок и составляла 92,1 коп. за пуд на участке Гурьев – Доссор, пробег легковых автомобилей обходился в 48 коп. с версты.

Тогдашнее руководство Эмбы уже в те годы поднимало проблему транспортного обеспечения грузами развивающихся промыслов в 10-летней перспективе. По их донесениям в Москву, в себестоимости нефти в 1923-24 гг. в 33,8 коп. за пуд, затраты на транспорт составляли 5, 4 коп. Коренным образом решить проблему могло бы строительство железной дороги из Гурьева до Доссора, а позже и до Маката, которая «….удовлетворит в полной мере всем запросам на перевозку грузов и пассажиров с широкими перспективами любого расширения дела, выдвинет базу снабжения почти на сто вёрст вперед на северо-восток по линии, которая является как бы осью распространения нефтяных полей, урегулирует рабочий вопрос, и даст служащим и рабочим уверенность в их обеспеченном существовании, привяжет их теснее к промыслам побудит их поднять производительность труда. Та же железная дорога будет снабжать промысла равномерно и непрерывно в заранее заданном количестве пресной и мягкой водой из Урала, доставляя ее в цистернах и баках».

ВОДНЫЙ ТРАНСПОРТ «ЭМБАНЕФТИ»

Для обеспечения транспортировки грузов с «большой» земли из Астрахани до Гурьева и их перевозок от Ракушинской пристани и городом, «Эмбанефть» применяла водный транспорт. После оптимизации 1923-24 г. часть судов была поставлена на прикол, из больших буксирных судов был оставлен пароход «Инженер» для сообщения с Астраханью, теплоход «Инженер Богуш» для снабжения Гурьева и Ракуши, теплоход Як. Федотов для перемещения вверх по Уралу. Ввиду мелкого фарватера р. Урал для переброски грузов из Ракуши до Гурьева приходилось иметь значительное число мелких судов.

Всего в 1923-24 гг. «Эмбанефть» имела 5 пароходов и теплоходов, из которых 3 были на ходу. Столько же моторных лодок и парусных. Плюс 4 баржи и 13 плашкоутов (6 на ходу).

СЕБЕСТОИМОСТЬ ЭМБИНСКОЙ НЕФТИ В 1923-24 ГГ.

Если в 1922-23 гг. себестоимость пуда нефти на Эмбе составляла 36,741 коп., то в следующем операционном 1923-24 гг. она была снижена до 33,864 коп. Снижение было достигнуто за счет уменьшения прямых и накладных расходов на 1 пуд добытой нефти. Свою роль сыграло и снижение добычи нефти в 1923-24 гг. до 7.664.542 пудов, против 8.108.996 в предыдущем году. На снижение себестоимости существенным образом повлияла проведенная в 4 квартале операционного года реорганизация промыслового управления и достигнутая в результате оптимизация затрат.

Из отчета тогдашнего начальника «Эмбанефти» Коробовникова следует, что реорганизация была вызвана сложной экономической ситуацией в связи с организационными недостатками в управлении трестом:

- Добыча падала, расходы возрастали, себестоимость нефти повысилась и была явно убыточной для треста. Финансовое положение было крайне напряжённым. Были месяцы, когда у треста не хватало денег для расплаты с рабочими. ….на каждом шагу чувствовалась организационная неувязка. Отдельные предприятия и управление треста были оторваны друг от друга и жили как бы самостоятельной жизнью. Отчетность сильно хромала…».

В результате реорганизации управление трестом было перенесено из Гурьева в Москву, а управление промыслом перенесено из Гурьева в Доссор. Одной из причин являлось отсутствие сообщения между Гурьевом и Доссором большую часть года при том, что полномочия руководящего состава на промысле были ограничены и все значимые решения им приходилось согласовывать с руководством в Гурьеве. В рамках оптимизации были прекращены строительные работы в Гурьеве, сокращены административные и другие нецелесообразные затраты, в результате чего финансовые затруднения, испытываемые трестом, были устранены к концу операционного года, а месячная добыча на 1 эмбинского нефтяника к концу 1 квартала 1924-25 гг. составила 494 пуда, опередив аналогичный показатель 1915 г. Средний заработок нефтяника составил немногим более 49 рублей в месяц, что также превышало довоенный уровень.

Лаура СУЛЕЙМЕНОВА



Обзор эксплуатации нефти на промысле Доссор
за 1924-1925 операционный год.

За 1924-1925 операционный год на промысле ДОССОР добыто 19456161 тонны нефти или 102,34% програмного задания.

Рост добычи начавшейся в октябре 1924г. продолжался до мая месяца 1924г., достигнув максимума в феврале благодаря фонтанам нефти, а затем добыча держалась почти на одном уровне до конца года.

Сравнивая добычу 1925 года с 1924г. получаем, что в 1925г. добыто 154,5% прошлогоднего количества.

Если сравнить добычу прошлогоднюю со старыми скважинами плюс скважины 1923-24г., которые дают 146546 тонн, то мы и здесь видим повышение на 16,5%

Из вышесказанного можно сделать вывод, что скважины Доссора обладают большой устойчивостью.

Ф.146, оп.1, д.844, л.12-13.

Ұжымға үлгілі маман

«Мұнайшыларды жайлы тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз ету барысында тәрбиешілік қызметті де қоса атқаратындайсың. Кейде мұнайшыларға «Мен – мұнда сендердің «әкелеріңмін» деуші едім», - деп жымия еске алады әріптесіміз Төлеуғали АМАНБАЕВ «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ғы киндік жатақханада меңгеруші қызметін атқарған жылдарын еске алып.

Төлеуғали Қабиұлы аталған өндіру басқармасындағы еңбек жолын 1992 жылы ағаш шебері болып бастаған. Кейін басқармадағы 200 орындық киндік жатақханада алдымен меңгеруші, кейін шебер болып 27 жылдан астам үзбестен еңбек етті.

- Көбі мұнайшылардың вахталық өмірін мамыражай тірлік деп санайды. Айдың жартысында жұмыс істеп, қалған жартысында демалатын болған соң, жұрт жайлы жұмыс деп ойлайтын болса керек-ті. Алайда, адам өндіріс жағдайындағы жұмыс орнына кіріскен сәтте мамыражайлық пен бейғамдық далада қалады. Кеніш далалықта орналасқандықтан, олар ұзақ уақыт бойы отбасынан да алыста болады. Және мұнайшылар еңбегі ауа райының кез келген жағдайында жүзеге асырылады. Қатты аязда, аптап ыстықта, күшті дауылда да жұмыс істеуге мәжбүр. Сондықтан, олардың жұмысы әсте жеңіл емес. Ал, күні бойы өндірісте жұмыс жасап келген әріптестердің алдына уақытылы ыссы тамағын дайындап қою, жайлы жағдай қалыптастыру – біздің негізгі міндетіміз болды. Тұрмыс болғандықтан, күнделікті ұсақ шаруалардың барлығын дер кезінде шешіп отыруға баса көңіл бөлдім. Өйткені, мұнайшылар алаңсыз демалып, келесі күнгі жұмыстарына дайындалуы керек. Жатақхана жұмысына жауапты болу – үйдегі әкенің рөліндей, - дейді ол.

2016 жылы коммуналдық шаруашылық учаскесінің бастығы, ал, биыл жылу-сумен қамту учаскесінің бастығы болып ауысса да, мұнайшылардың тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға ол үнемі араласып, сан жылдар бойы жинаған тәжірибесімен бөлісуден, ақыл-кеңесін айтудан жалыққан емес. Сондықтан да, ұжым арасында үлкен беделге ие.

Төлеуғали Аманбаев ұжым арасында салауатты өмір салтын насихаттап, волейбол, теннис, тоғызқұмалақ сынды спорт түрлерімен айналысып, жыл сайын ұйымдастырылатын «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауын («Жайықмұнайгаз» МГӨБ оқу-жаттығу полигонында өтеді, - ред.) жоғары деңгейде өткізуге атсалысады.

- Қазіргі қызметім де ауқымды. Басқармаға қарасты кен орындар бір жерде топтаспаған. Сонау Забурыннан бастап Оңтүстік шығыс Қамысты, Гран және С.Балғымбаев кен орындары аралығын алып жатқан аумақты жылу, сумен қамту, жылу нүктелерін бақылау, лас суды шығару, су тазарту жұмыстарын жүргізу – біздің учаскенің басты міндеттері. Биыл да қысқа дайындық жұмыстары қарқынды жүрді. Жылу қазандарын тексеріп, жылу беру маусымын уақытылы бастап кеттік, - дейді Т.Аманбаев.

Төрт бала, 10 немере-жиен тәрбиелеп отырған әріптесіміз келер жылы зейнет жасын тойламақшы. Әріптестері ғұмырының 30 жылға жуық уақытын жайықтық мұнайшылардың тұрмыстық жағдайын жандандыруға арнаған еселі еңбек етіп, қоғамдық жұмыстың ортасында жүрген азаматты тынымсыз еңбеккерлігін жоғары бағалайды.

Пайдалы кеңес

Адам бақытының 90 пайызы - мықты денсаулықта

Адам үшін денсаулықтан артық байлық жоқ. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, бақыттың 90 пайызы дұрыс денсаулықта екен. Осыған орай назарларыңызға денсаулыққа қатысты пайдалы кеңестерді ұсынамыз.

Қатты ыстық тамақ ішпеңіз. Ыстық тағамдар ағзадағы микробтармен күресетіні белгілі. Алайда, сол бактериялардың ішінде пайдалылары да бар екені рас. Адам ағзасындағы тіндер өте нәзік келеді, сол үшін ыстық тағам олардың тіршілігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Әсіресе, қалқанша безінің жұмысына бұл кедергі келтіреді. Ауыздан жағымсыз иістің шығуы да осыдан. Сіз ішетін тағам мен сусындар цельсий өлшемі бойынша 45 градустан аспауы тиіс.

Суды бірнеше рет қайнатпаңыз. Су қайнаған сайын өзінің пайдалы қасиеттерін жоғалтады. Ал, суды бірнеше рет қайнату арқылы оның ағзаға тигізетін зиянын да арттыра түсеміз. Негізі, суды қайнатпай-ақ, оны фильтрден өткізіп алған дұрыс.

Суды көбірек ішіңіз. Ағзаны қалпында ұстау үшін күніне 2 литр су ішу керек. Одан артық ішудің қажеті жоқ. Екі литрден артық су ішсеңіз, су ағзадағы зиянды бактериялармен бірге пайдалысын да алып кетуі мүмкін. Егер нақтырақ айтатын болсақ, әр адам өзінің бір келі салмағына 30 мл су ішкен дұрыс. Мысалы, сіздің салмағыңыз 70 келі болса, онда күніне екі литр су ішесіз. Ал, салмағыңыз 80 келі болса, 2,5 литр су пайдаланасыз.

Жаңғақ жеңіз. Жаңғақ өмірді ұзартады. Жаңғақты күн сайын жесеңіз де артық емес. Өйткені, оның құрамында Е дәрумені бар. Сондай-ақ, жаңғақ адам ағзасының қартаю процесін баяулатады. Ең пайдалы жаңғақ деп грек жаңғанын атауға болады. Грек жаңғанын күніне 100 грамнан артық жемеңіз, өйткені, шамадан тыс жеудің де өзіндік проблемалары бар.

Ұйқыңыз тыныш болсын. Күніне кем дегенде 8 сағат ұйықтаңыз. Ұйқыңыз тыныш болуы үшін бір уақытта жатып, бір уақытта тұруды әдетке айналдыру керек. Физикалық күшіңізді қалпына келтіріп, басыңызды жақсы жұмыс істеуіне ұйқының тікелей әсер ететінін ұмытпаңыз. Иммунитеттің көтеріліп, жай ғана көңілді жүрудің өзі ұйқының тыныштығынан.

Пессимизмнен арылыңыз. Үнемі көңіл-күйдің нашар болуы денсаулыққа тікелей зиян екенін көп ешкім түсіне бермейді. Көңіл-күй түскен сайын адам депрессияға шалдығады. Ал, депрессияның түбі қауіпті ауруларға әкелуі мүмкін. Сондықтан да, әркез көңілді жүруге тырысыңыз.

Әлемдік рейтинг бойынша коронавирустан қорғанудың ең тиімді құралы - бетперде мен респиратор екендігі анықталды

Көбіміздің төзімімізді тауысып, қашан осы бетпердеден құтылар екенбіз деп жүрген бетперде мен респиратор қауіпті дерттен қорғанудың ең тиімді әрі ең басты құралы болып танылды. Ал, бетпердесіз жүрген вирус тасымалдаушылар жұқпаны 70 пайыз жағдайда бетперде таққан сау адамға жұқтыру қаупі жоғары дейді мамандар. Ал, бетперде тағып жүрген науқас адамның төңірегіндегілерге төндірер қаупі 1,5 пайызға төмен көрінеді. Респиратор да індеттен қорғанудың басты құралдарының бірі саналады. Дейтұрғанмен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұйғарымы бойынша респираторды инфекция жұқтырды деген қаупі бар науқас адамға көмектескенде ғана киген дұрыс. Ал, жұқа респираторларды әрбір екі үш сағатта бір ауыстырып тұрмаса, оның өзі бактериялардың дамуына қолайлы орта болуы әбден мүмкін.

http://almaty-akshamy.kz

Жедел желі

Мұнайшылар шығармашылығы

Күз

Саф алтындай жапырақ
Жайқалып тұр атырап.
Күйін төгіп көңілге
Тербетіп тұр күзгі бақ.

Қоңыр салқын желі де,
Дем қосады деміне.
Саф ауаңды жұтамыз
Сағынышпен керіле.

Құс та қайтып барады,
Қош айтысып біздермен,
Жылы жаққа еліне.

Алтын күзім, базарым.
Ырыс-құтым берекем.
Елдің ашып ажарын,
Сенде той да мерекем.

Күзім менің – күмбір күй.
Көңілдерде тартылған.
Күзім – муза, керемет
Сәулелі жыр, ғажап ән.
Күзде қоғыр күй кешпей,
«COVID-19» деген пәледен»
Бар жамағат, бол аман!

Жаңыл БАЕДІЛОВА,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
Ақінген кен орны медбикесі.

АНЫҚТАМА:
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, ***blog_emg@emg.kmgep.kz*** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.
Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі
Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана
Редакцияның мекен-жайы:
Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.
Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:
Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177. L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121. G.Karajanova@emg.kmgep.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309 A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

Редакциялық кеңес:
Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
С.Нақпаев - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;
Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;
Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:
«Ақ Жайық» ЖШС
Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев к., 71А
Байланыс телефондары: 27-23-67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Embімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.